

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 шілдедегі N 21/185-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 тамызда N 3447 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 шілдедегі № 23/207-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 10.07.2018 № 23/207-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Әлеуметтік көмек көрсету үшін азаматтардың жекелеген санаттарын және қажетті құжаттар тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2598 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 шілдедегі № 59 "Қалба тынысы" газетінде жарияланған) Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 шілдедегі № 4/47-V шешімі;

2) "Әлеуметтік көмек көрсету үшін азаматтардың жекелеген санаттарын және қажетті құжаттар тізбесін айқындау туралы" Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 шілдедегі № 4/47- V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3080 болып

тіркелген, 2013 жылғы 14 қарашадағы № 91 "Қалба тынысы" газетінде жарияланған) Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 қазандағы № 15/132-V шешімі.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

M. Тұяқбаев

H. Есполов

Жарма аудандық мәслихатының

2014 жылғы 18 шілдедегі

№ 21/185-V шешімімен бекітілді

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 20.04.2018 № 20/183-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында (бұдан әрі – Қағидалар) пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұғым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетіletтің қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

1-1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Жарма аудан әкімінің шешімімен құрыллатын комиссия;

3) ең төменгі құнкөріс деңгейі – Шығыс Қазақстан облысының статистикалық органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Жарма ауданының жергілікті атқарушы органдары мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

3. Осы Қағидалар Жарма ауданының аумағында тіркелген тұлғаларға таралады.

4. Адамға (отбасына) әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді көрсетіледі.

5. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау, әлеуметтік көмектің мөлшерлерін және жан басына шаққандағы орташа табыстың шегін белгілеудің тәртібі

6. Адам (отбасы) өмірлік қын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер:

1) жетімдерге;

2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалғандарға;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлықты;

3-1) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

4) үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінен шектелгендерге;

- 5) дene жeне (нemесe) aқyл-oй мүмкіндіkterіne байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылғандарғa;
- 6) əлеуметтіk мәnі бар аурулардың жeне aйналасындағыларғa қauip төндіretіn aурулардың салдарынан тыныс-tіrшіліkten шектелгендерге;
- 7) жасының eгde тартуына байланысты, aуруы жeне (нemесe) мүгедектіgі салдарынан өзіne-өзі kүtіm жасай алмайтындарғa;
- 8) əлеуметтіk бейіmsіzdіkке жeне əлеуметтіk депривацияғa әkеп соқтырғan қатыгездіkке шалдыққандарғa;
- 9) baspanasыz қалғандарғa (belгіlі bіr тұrғылықты жeri жoқ adamdarғa);
- 10) bas bostандығынан aйыру орындарынан босатылғандарғa;
- 11) пробация қызметіnің eсebіnde болу негіздері бойынша өmіrlіk қыын jaғdайda деп танылуы мүмкіn;
- 12) табиғi зілзаланың nemese өrttiң салдарынан азаматқa (otбасына) ne оның mүлкіne zияn келтіru ne əлеуметтіk мәnі бар aурулардың болу негіздері бойынша қыын өmіrlіk jaғdайғa tүskен mүktаж тұlgalарғa (otбасыларғa);
- 13) белгіlenген шектен aспайтын жan basыna шaққaндағы ortaşa tabысы bar adamdarғa (otбасыларғa) kөrsetіledi.

7. Жan basыna шaққaндағы ortaşa tabыстың шegi eң tөmen kүnkөrіc денгейіnің bіr ecelіk mөlшеріnде belgіlenсіn.

8. Өrbіr жекелеген jaғdайda kөrsetіletіn əleumettіk kөmek mөlшerіn arnaiys комисsия aйқындайды жeне oны əleumettіk kөmek kөrsetu қажettіlіgі туралы қорытындыда kөrsetedi. Өmіrlіk қыын jaғdai туындағan kезde əleumettіk kөmektiң шекті mөlшerі 50 (elу) aйлық eсepтіk kөrsetkішti құрайды.

9. Tұberкүlezben aуyратыn жeне amбулаториялық emdeleude тұрган aзамattарғa tabыстарыn eсepteusіz aй сайынғы əleumettіk kөmek (жol жүrulerіne жeне қosымsha aзықтарыna) – aйыna 6(alты)aйлық eсep kөrsetkіsh berіledi.

10. Yй jaғdaiynda arnaulы əleumettіk қыzmet alushy жalғыzіlіktі қarttarғa (mүgедектерге) tabыstарыn eсepteusіz aй сайынғы (sanitarлық-gигиеналық iс шaralar өtkіzuge) – aйыna 1 aйлық eсepтіk kөrsetkіshkөlemіnde əleumettіk kөmek berіledi.

11. Ataулы kүndер men merеке kүnderiне bіr rettіk əleumettіk kөmek aзамattардың mynадай sanattaryna kөrsetіledi:

- 1) Aуғanstan aumaғынан əskerlerdi шығару kүni, internatsionalist-jaуынгерлерdi еске алу kүni – 15 aқpan – basқa memlekettterdi aumaқtaryndaғы ұryс қimylدارғa қatysuышylarғa – 40 (қyрық) aйлық eсepтіk kөrsetkіsh;
- 2) Xalықaralық éйелder kүni – 8 nauryz:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқасымен, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көпбалалы аналарға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

төрт және де одан аса бірге тұратын қемелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

3) Халықаралық радиациялық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу күні – 26 сәуір:

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға – 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқандарға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

4) Женіс күні – 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына – 215 (екі жұз он бес) айлық есептік көрсеткіш;

қайталап некеге отырмаған Ұлы Отан соғысы уақытында қаза тапқан әскери қызметшілердің зайдиптарына – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

қайтыс болған Ұлы Отан соғыс мүгедектерінің қайталап некеге отырмаған әйелдеріне – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға – 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы кезінде 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) адамдарға – 4,5 (төрт бүтін оннан бес) айлық есептік көрсеткіш;

5) 31 мамыр – "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні" саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының, сондай-ақ зардап шеккен адамдарға – 4,5 (төрт бүтін оннан бес) айлық есептік көрсеткіш.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

12. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардыңұсынымы бойынша Жарма ауданының әкімдігі бекітетін тізімдер бойынша көрсетіледі.

13. Төлемді ай сайынғы әлеуметтік көмек "Шар қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның және "Жарма орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның түберкүлезбен ауыратын және амбулаториялық емделуде тұрған азаматтарға бірінші басшыларымен бекітілген тізім бойынша көрсетіледі.

14. Төлемді ай сайынғы әлеуметтік көмек "Жарма ауданының жұмеспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысымен бекітілген тізім бойынша үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет алушы жалғызлікті қарттарға (мүгедектерге) көрсетіледі.

15. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе қала, кент, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және/немесе құжатты ұсынады.

16. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

17. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түсken кезде уәкілетті орган немесе қала, кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

18. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаралдың 2, 3-қосымшаларынаа сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе қала, кент, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Қала, кент, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

19. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

20. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе қала, кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

22. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

23. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берушінің құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 19 және 20 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе қала, кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның жергілікті бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болғанда;
- 2) алушы Жарма ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіпте қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі және есепке алуды уәкілдегі орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының 1-қосымшасы
Отбасыны тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.)		(үйінің мекенжайы, тел.)	
P/c №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық катынасы	Тұған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы
мәліметтерді куәландыруға уәкілдегі
органның лауазымды адамының Т.А.Ә.
(қолы) _____

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың

**Өмірлік қызың жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ**

20__ ж. "___" _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____
2. Тұратын мекенжайы _____
3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қызын жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____
адам, оның ішінде:

P/ с №	Т.А.Ә	Тұған күні	Өтініш берушігে туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, окуорны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қызын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны:

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам,
оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы нақаты сушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек):

Тұрғын үйді ұсташа арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

Р/ с №	Т а б ы с ы б а р отбасымүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінін) Т.А.Ә.	Табыстыру	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (тенге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы жәнеңкүсы), саяжай және жер участкесі (жерүлесі) турал ымәліметтер
			тоқсанға	ортал есеппен айна	

6. Мыналардың:
автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылды, құқық беретін құжат, оны
пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

_____ қазіргі уақытта өздері тұрып
жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен
мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарагымен, киіммен, аяқкиіммен қамтамасыз
етілуі _____

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы _____
Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстыым: _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні _____

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау жағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының) _____

Участекелік комиссияның № _____ қорытындысы

20__ ж. _____

Участекелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды

Қоса берілген құжаттармен ____ данада

20__ ж. "___" _____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімініңнемесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК